

**“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл аудандық білім бөлімі” ММ
“Жақсыбайкөл негізгі мектебі” КММ-нің кезектен тыс
№5 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

Шұбарши ауылы

26.08.2025ж

Барлығы: 20

Қатысқаны: 20

Күн тәртібінде:

Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің “Жақсыбайкөл негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы туралы / Ж.М.Шаутинов /

Тыңдалды:

Мектеп директоры у.м.а : Ж.М.Шаутинов

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2025 жылғы 23-31 шілде аралығында "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Жақсыбайкөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 31.07.2025 жылғы № 62 хаттама шешімі

ҚОРЫТЫНДЫ:

Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің “Жақсыбайкөл негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 31.07.2025 жылғы №62 хаттамалық шешіміне сәйкес кемшіліктерді 2026жылдың 30 сәуіріне дейін ұсынылады.

Кемшіліктер мен ескертулер:

1. Оқу бағдарламаларындағы апталық жүктемелер оқу жылына пәндер бойынша 2022-2023 оқу жылдарында 1-сыныптарда -33 аптасы, 5-11 сыныптарда 34 аптасы деп ұсынылған.
2. 5-8-сыныптар бойынша аралық емтихан материалдары (5-8-сыныптарда аралық емтихан жүргізу туралы бұйрық, аралық емтиханның жүргізілу кестесі, хаттамалары) ұсынылмаған.

3. 2–9-сыныптарда аптасына 1 сағаттық оқу жүктемесімен жүргізілетін пәндер бойынша тоқсан сайын «сыналды» белгісі қойылғаны анықталды
4. 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылдарында "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсының 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілген, бірақ сынып журналының жеке бетінде (ҚББ) ашылмаған
5. Үйде оқитын білім алушыға арналған оқу бағдарламалары сайтқа ұсынылмаған, психологиялық- педагогикалық қолдау бағдарламасы құрылмаған.
6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға шақыру қоңырауын, тактильді плиткалар, тактильді таспа, баспаның бірінші және соңғы сатысындағы сары түсті жолақ, бағыттауыштары мен дәретхана орнатылмаған.
7. Біліктілік санатын 5 жылда көтермеген

Әдістемелік ұсынымдар:

1. 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы бұйрыққа түзету енгізіп, қайта ұсынылсын.
2. 5-8-сыныптар бойынша аралық емтихан материалдары (5-8-сыныптарда аралық емтихан жүргізу туралы бұйрық, аралық емтиханның жүргізілу кестесі, хаттамалары) ұсынылсын.
3. 2–9-сыныптарда аптасына 1 сағаттық оқу жүктемесімен жүргізілетін пәндер бойынша тоқсан сайын «сыналды» белгісін қоюға жол бермеу шаралары ұйымдастырылып, атқарылған жұмыстар туралы мәлімет ұсынылсын.
4. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсының орындалуы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мәліметі ұсынылсын.
5. Үйде оқитын білім алушыға арналған оқу бағдарламаларын сайтқа ұсынылмаған, психологиялық- педагогикалық қолдау бағдарламасын құру.
6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға шақыру қоңырауын, тактильді плиткалар, тактильді таспа, баспаның бірінші және соңғы сатысындағы сары түсті жолақ, бағыттауыштары мен дәретхана орнату.
7. Біліктілік санатына уақытылы өткізілсін.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2025 жылғы «31» шілдедегі №62 хаттамалық шешіміне сәйкес, "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Жақсыбайкөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты **АТТЕСТАТТАЛМАДЫ.**

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 31.07.2025 жылғы №62 хаттамалық шешімі толық тыңдалып, талқылана отырып педагогикалық кеңесте төмендегідей шешім қабылданды.

1. Анықталған кемшіліктер бойынша жоспар құрылып, орындалуға тиісті жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
2. 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы бұйрыққа түзету енгізіліп, қайта ұсынылсын.
3. 5-8-сыныптар бойынша аралық емтихан материалдары (5-8-сыныптарда аралық емтихан жүргізу туралы бұйрық, аралық емтиханның жүргізілу кестесі, хаттамалары) ұсынылсын.

